

Ақмола және Қостанай облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қолдау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 8 мамырдағы N 809

Ақмола және Қостанай облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау көрсету, оларды жанар-жағар және басқа да материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету және "Росконтракт" ашық акционерлік қоғамы - стратегиялық инвестормен өзара қарым-қатынасты реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Росконтракт" ашық акционерлік қоғамының, Ақмола және Қостанай облыстары әкімдерінің Ақмола облысының Державин, Жақсы, Есіл және Қима аудандары мен Қостанай облысының Октябрь ауданының шаруашылықтарын дамыту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды 1997 жылғы астық өсіруді қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде қаржыландыруды жалғастыру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Ақмола және Қостанай облыстарының әкімдері он күндік мерзім ішінде "Росконтракт" ашық акционерлік қоғамымен 1997 жылғы қаражатты инвестициялау мөлшері мен тәртібі туралы мәселені пысықтасын және шешсін.

3. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы бір ай мерзім ішінде оның шаруашылықтарға үстіміздегі жылдың көктемгі дала жұмыстарына мұнай өнімдерін, қосалқы бөлшектер, техникалар, басқа да материалдық-техникалық және қаржы ресурстарын уақытында бергенін ескере отырып, "Росконтракт" ашық акционерлік қоғамымен 1997 жылдың астығын несиелендіруге арналған шарттың болуы және оның орындалуы талабымен, мемлекеттік резервті азайтудың есебінен Ақмола және Қостанай облыстарының жоғарыда көрсетілген аудандарының элеваторларындағы облыс шаруашылықтары мемлекеттік ресурсқа құйған 100 мың тонна бидайды "Росконтракт" ашық акционерлік қоғамына қайта ресімдесін.

Ақмола және Қостанай облыстарының әкімдері 1997 жылдың егісінен 100 мың тонна астықты мемлекеттік резервке қайтаруды қамтамасыз етсін.

Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК